

Ораз Гүлзат Таерқызы 6D073200-Стандарттау және сертификаттау
(сала бойынша) мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алу мақсатында орындаған
«Өндіріске тиімді сапа жүйесін және сиыр еті классификациясын
халықаралық стандарттар талаптарымен өзірлеу және енгізу»
тақырыбында орындалған диссертацияға берілген

ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІНІЦ ПКІРІ

Отандық өнімдердің бәсекеге кабілеттілігін, қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қазақстандық өнімдердің шетелдік нарықтарға экспорттын көбейту өнімнің жоғары сапалылығы мен қазіргі заманғы менеджмент жүйелерін енгізуге барып тіреледі.

Индустримальды дамыған елдердегі қатаң бәсекелестік, технологиялық процестердің қыындауы мен қарқындауы қазіргі заманғы менеджмент жүйелерін енгізіп, сүйемелдеуді қажет етеді.

Қазіргі танда «ғасырдың жаһандық мәселелерін» шешудегі ИСО маңыздылығын артық бағалау қыын. Көптеген елдердің ғылыми-техникалық тәжіриbesін жинақтаған стандарттар халықаралық тауар алмасудың нысаны болып табылатын өнімге құрамдас бөліктердің алмастырушылығын қоса алғанда қойылатын талаптардың талаптардың бірегейлігін, өнім сапасының сынау және бағалаудың бірегей тәсілдерін қамтамасыз етуге бағытталған.

Халықаралық стандарттар ұлттық денгейде кең таралған және оны өнім дайындаушылар, сауда ұйымдары, сынақ зертханалары, мемлекеттік органдар басқа да мұдделі тараптар қолданады. Бұл стандарттар әдетте жетекші өнеркәсіптік мекемелердің, тұтынушылардың, ғылыми-зерттеу мекемелердің және реттеуші ұйымдардың озық тәжіриbesін әлемдік ауқымда қамтып көрсетеді және көптеген елдердегі жалпы талаптарды қамтиды, олар саудадағы техникалық кедергілерді жоюдағы маңызды талаптардың бірі болып табылады.

Халықаралық стандарттарды өзірлеудің қажеттігі айқын болып келеді, себебі әлемдік нарықтағы бір өнімге арналған ұлттық стандарттардың әр түрлілігі халықаралық сауданың дамуына кедергі келтіреді.

Көптеген салаларда бірыңғай әлемдік стандарттардың жоқтығы халықаралық экономикалық байланыстардың дамуын қыындастып, өнімнің қымбаттауына алып келеді.

Стандарттарды халықаралық үйлестіру саласындағы жұмыс техникалық талаптар мен ережелердегі айырмашылықтардан туындастын кедергілерді жоюға мүмкіндік береді және бүкіл әлемдегі ғылыми-техникалық прогрестің міндетті шарты болып табылады.

Халықаралық стандарттардың жаһандық нарықтың техникалық негізі ретінде алатын орны Саудадағы техникалық кедергілер жөніндегі Дүниежүзілік сауда ұйымының (ДСҰ) келісімінде айрықша аталып көрсетілген. Келісім сауданың даму жолында қажетсіз кедергілердің пайда болуының алдын алу

үшін үкіметтерді барынша халықаралық стандарттарды қолдануға міндеттейді.

Докторантпен жасалған диссертациялық зерттеудің мақсаты экспортқа бағытталған өнім алу үшін сиыр етін өндіру және классификациялаудың тиімді сапа жүйесін әзірлеу және енгізу болып табылады.

Осы қойылған мақсатқа жету үшін тиісті міндеттер өз шешімін тапқан деп ойлаймын.

Ет өнімдерінің қауіпсіздігі мен сапасына әсер ететін факторларды жүйелі талдау нәтижесінде егіс алқабынан сөрелеріне дейінгі тізбек бойынша ет өнімдерін өндіруде әрбір өсіру жүйесіне қатысты туындастырын тәуекелдер анықталған және ғылыми негізделген. IDEFO әдістемесін пайдалана отырып, кіріс және шығыс деректердің егжей-тегжейлі талдауы бар трофологиялық тізбектің барлық кезеңдерін дәйекті түрде ұсынатын алгоритм әзірленген.

FMEA әдістемесі негізінде мал өсіру жүйесіне байланысты сиыр етін өндірудің трофологиялық тізбегінің әрбір кезеңінде болатын сәйкесіздіктердің түрлеріне, салдарына және себептеріне талдау жасалған.

Дайындалған докторлық диссертация жұмысы аяқталған ғылыми жұмыс ретінде КР Білім және ғылым саласындағы бақылау Комитетінің ғылыми дәрежелерді беру талаптарына сәйкес орындалған. Диссертациялық жұмыстың авторы Ораз Гүлзат Таерқызына 6D073200-Стандарттау және сертификаттау (сала бойынша) мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайық деп санаймын.

Ғылыми консультант:

техника ғылымдарының докторы, профессор

КР ҰҒА корреспондент мүшесі

Оспанов Асан Бекешович

